

2. Биболов С. Ескелді би-даналық дариясы.-Алматы: «Білім» баспасы ,2017.-33 б.
3. Тоғысбаев Б., Сужиков А. Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2011. – 113 б.
4. Исмаилов О. Бабалар сөзі-даналық көзі. – Алматы: «Білім» баспасы, 1996.156 б.
5. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1986. –330 б.

Бұтақты-І қонысы – Алматы қаласында орналасқан тарихи ескерткіш

Ғалымжан Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Ғ.Т. Бексеитов
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы – Қазақстанның ең үлкен магитральді қалашығы. Территориялық шекарасы бойынша Тянь-Шань тауларының солтүстігіне қарасты Іле Алатауының баурайында, Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан. Қаланың іргетасы 1854 жылы құрылып, Верный атымен танылды, Кеңес Одағы жылдарында қала атауы Алма-ата болып өзгертілді. Осылайша 1929-1997 жылдары аралығында Қазақстанның астанасы болып бекітілді. 1993 жылдан бері қала ресми түрде Алматы деп аталды. 2020 жылғы 1 қыркүйектегі халық санағының мәліметі бойынша қала халқының саны 1 млн 955 мың адмды құрайды.

Алматы қаласы көптеген тарихи ескерткіштерге бай өлкенің қатарында. Мысалы: Бұтақты І қонысы, 47 қорғаннан тұратын Боралдай сақ қорымы, орта ғасырға жататын Алматы І, Теренқара қалашықтары секілді маңызды ескерткіштері жетерлік. Осы ретте аталған ескерткіштердің ішінен мен баяндамамның тақырыбы ретінде Бұтақты І қонысын таңдап алдым.

Бұтақты-І қонысының территориялық аймағы бойынша Алматы қаласының оңтүстік-шығыс беткіне қарасты Көк төбе тауының етегіне жақын маңдағы Жарбұлақ (Казачка) өзенінің оң жағалауындағы төбе басында орналасқан. Қоныстың таралу аймағының ұзындығы 1,5-2 км және ені 1 км дейінгі өзеннің оң жағалауындағы тегіс террассадан тұрды. Археологиялық кешеннің негізгі бөлігі қазіргі заманғы құрылыс нәтежесінде қиратылып, тек батыс бөлігі ғана сақталып қалған [1, с. 86].

1996 жылы А.А. Горячев бастаған археологиялық экспедиция жұмыстарының нәтежесінде шаруашылық-құрылыс қызметінің апатты жағдайда болған, қоныс толық қанды зерттеліп, ескерткіш қатарына енгізілді. 1997-1998 жж. далалық қазба маусымдарында ҚР БҒМ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкерлері кешеннің өмір сүру кезеңін анықтау мақсатында апаттық жағдайдағы ескерткіштерді құтқару мақсатында археологиялық ізденістіру жұмыстарын атқарды. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтежесінде сарматтық екі жерлеу және түркі дәуіріне тән бір жерлеу орыны табылып, есепке алынды. Жүргізілген іздестіру жұмыстарының нәтежесінде жерлеу деңгейінен 2 м төмен тереңдікте қола дәуіріне тән тұрғын үйлердің орындары анықталып, есепке алынды. Сондай-ақ, 1996-1999 жылдары Бұтақты-І археологиялық кешенінде негізінен апаттық жағдайда тұрған ескерткіштерді құтқару мақсатында барлау қазба жұмыстары қоса жүргізілді [2, с. 17].

2003-2004 жылдары Алматы кешенді археологиялық экспедициясы жоспарлы археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді: сақталып қалған учаскінің топографиялық жоспары жасалып, оңтүстік бөлігінде апаттық жағдайда тұрған жерлеу орындары мен қола дәуіріне тән тұрғын үйдің орынында археологиялық қазба жұмыстары атқарылды. Атқарылған қазба жұмыстарының нәтежесінде 120 ш. м. шамасында шаршы пішінді жартылай жертөле ретіндегі бір тұрғын үй толығымен қазылды. Қазба жұмыстарын жалғастыру нәтежесінде оңтүстік-шығыс бөлігінде тегіс түсетін пандус түрінде жасалған есік орыны анықталды. Зерттеу нысанына алынып отырған тұрғын үйді салу үшін тереңдігі 1,2 м шұңқыр қазылды деген пайым келтіре аламыз. Шұңқыр қабырғаларының бойымен тірек қазықтар орнатылды. Үйдің қабырғалары жұқа бөренелерден тұрады ішкі және сыртқы

жағынан кірпіш түсті бояумен (охра) қосылған балшықпен сыланған. Қазылған үйдің орта тұсында пештің айналасында төрт жаппай ағаш тіректер қазылды, олар шатырдың тірек конструкциясының қызметін атқарды. Төбесі-төрт бұрышты, - мүмкін, пештен түтін шығаратын тесік болған деген пайым келтіре аламыз. Тіректерге арналған барлық шұңқырлар таспен жабылған. Тұрғын үй құрылысында пайдаланған бөренеге көбінесе Тянь-Шань өлкесінің шыршасы пайдаланылған [2, с. 17].

Еден үйдің ортасына қарай біртіндеп төмендейді. Еденді одан әрі төмендету мақсатында үш рет саз ерітіндісі құйылды. Сонымен қатар, еденді одан әрі тереңдетіп қазу нәтижесінде жануарлардың сүйектері мен керамикалардың фрагмент сынықтары бар шаруашылық мақсаттағы қолданған көптеген шұңқырлар легі табылды. Қабырғалардың бойында қыш ыдыстардың сынықтары қоса шықты.

Үйдің ортасынан саздан жасалған сопақ пішінді ошақ орыны аршылып алынды. Пештің ішіндегі шеңберінің қалыңдығы шамамен 0,5 м құрайды, бұл дегеніміз пеш ұзақ уақыт бойы қолданыста болды дегенді білдіреді. Ошақтың Солтүстік және солтүстік-батыс жағынан диаметрі 1 м және тереңдігі 70 см-ге дейін жететін ірі шаруашылық шұңқыр-тоңазытқыштар қоса салынған. Бұл шұңқырлардың периметрі бойынша қалыңдығы 40 см-ге дейін тас қаландылар арқылы жасалып, ішкі құрылысын одан әрі тазарту жұмыстарының барысында ірі және ұсақ малдардың сүйек қалдықтары қоса табылды [4, с. 15].

Археологиялық қазба жұмыстарының барысында табылған олжалардың ішінде ең көп кездесетіні тас пен сүйектен жасалған құралдар, керамикалық ыдыстардың фрагменттері, сондай-ақ қоладан жасалған бұйымдар. Тастан жасалған дәнүккіш, песталар, ерітінділер, қайрақ тас секілді құралдар тобы табылды. Сондай-ақ, керамикаға ою-өрнек салу үшін он кішкентай тістері бар сүйектен жасалған тарақ мөрінің фрагменті кездеседі. Жануарлардың сүйектерінің ішінде ұсақ мал мен жылқының сүйектері басым. Қазба жұмыстарының барысында ең көп таралған материалды керамика деп атап өтсек болады. Сонымен қатар, үлкен және орташа мөлшердегі құмыралар мен жалпақ құмыра ыдыстары көптеп шықты. Бірқатар ыдыстардың пішіндері жағынан тырнақ ойықтарымен, қиғаш ойықтармен және ұсақ қабырғалы мөртабанның бедерлерімен өрнектеліп жасалған.

Салыстырмалы түрде Бұтақты I қонысынан табылған қыш ыдыстар Орталық Қазақстанның Алакөл қорымдарының материалдарында кеңінен кездеседі. Алайда пішіндері мен ою-өрнектердің жекелеген элементтері Шығыс Қазақстан аймағына тән Федоров кешендерінде орналасқан қорымдардан табылған қыш заттарда көп кездеседі [2, с. 17]. Сонымен қатар, Қоладан жасалған ине, біз, спираль тәрізді әшекейлер мен сақина секілді бұйымдар көптеп кездесті. Қазба жұмыстарының барысында табылған қыш пен қоладан жасалған бұйымдар қатары Бұтақты I қонысын кейінгі қола дәуіріне жатқызуымызға мүмкіндік береді. Радиокөміртекті талдау және зерттеу жұмыстарының деректері бойынша ескерткіш б. з. б. XII-XI ғғ. типологиялық даталануымен сәйкес келеді.

Тақырыпты қортындылайтын болсам осынау тарихы тасқа, шежіресі құмға сіңген киелі өлкеде қола дәуіріне тән қоныстар қатары мен сақ кезеңіне тән ескерткіш қорымдар қатарын айтасқа болмайды. Алматы төңірегінде аталған қоныстан басқа да 47 қорғаннан тұратын Боралдай сақ қорымдары, орта ғасырға жататын Алматы I, Теренқара қалашығы секілді маңызды ескерткіштерді атап өтсек болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Тарихын білмеген ұлттың болашағы да мүшкіл болуы мүмкін». Расында да, соңғы ғасырларда қазақ халқының болмысы үлкен өзгеріске ұшырап, тарихи жады өше жаздаған еді. Тәуелсіздік жылдарында ғана ұлттық санамыз қайта жаңғырып, тарихымызды түгелдей бастадық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Поволжская археология. – 2019. –№ 3. – 84-91.
2. Свод памятников истории и культуры г. Алматы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – 360 с.

3. Горячев А.А. Археологический комплекс Бутакты-1. – Алматы: ТОО «KazBookTrade», 2018. – 264 с.
4. Горячев А.А., Мотов Ю.А. Результаты исследований археологического комплекса Бутакты-1 на юго-восточной окраине г. Алматы в 2008 году // Известия НАН РК. Серия общественных наук. –2008. – № 1 (254). – С. 11-18.

Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі- Түркістан

Кенжебек Д.Қ., Шалабаев Д.Е.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Каконова М.М.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Қазақ тарихы жазылғаннан бастап, қазақтың өз елі, өз жері туралы жазылған деректерге қарасақ, ежелгі тарихы мен қазіргі тарихында үлкен өнеге сабақтасқан. Тарихта кездескен хандар, батырлар, билер, жүздер, қарапайым халықтың орны ерекше. Сондай бір қасиетке ие дүниенің бірі ол- қала. Қазақ қазақ болғалы, өз егемендігі, өз байрағы қалыптасқалы, өз хандығының астанасы болды. Сонымен қатар қазіргі күнге жетіп, қасиетін, қадірін сақтап қалған ежелгі қалаларды сөзге тиек етпей, жазбай кету мүмкін емес. Сондай ежелгі қала, ескі қала, қасиетті дала ретінде бүгінгі күнге жеткен қалалардың бірі- Түркістан қаласы. Ежелгі атауы тарихи деректерде әртүрлі кездеседі, бізге танысы Ясы қаласы ретінде белгілі. Түркістанның тарихы сонау V-VI ғасырлардан бізге белгілі. Шынтуайтында тіптен әрі жатыр қала тарихы. Сол дәуірлерден бүгінгі күнге дейін қаншама оқиға, қаншама соғыс, қайғы көрсе, енді бір жағынан жеңіс тойларын, мереке күндерін тарихтың ащы мен тәттісі араласқан толқынын да еңсеріп келеді. Хан мен батыр, дана мен ғұламаларды да өз қабырғасынан жарық дүние яғни тарих сахнасына шығарған ерекше қалалардың бірі. Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, талай саяхатшыны, саудагерлерді өз қақпасынан кіргізіп шығарып салған ескі қала. Сол дәуірлерде ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің орталығына айналған қала[1]. Ислам дінінің таралуы кезінде мешіттер мен медреселердің орталығына айналған. Ислам дінін насихаттаушы, түркі жерінен шыққан имам, ғұлама ұстаз ретінде тарихта есімі қалған Қожа Ахмет Яссауий ұстазы Арыстан баб та осы қалада өмір сүрген. Түркістан аймағының, жалпы қазақ елінің киелі жерлерінің бірі және бірегейі Отырар қаласы да біздің тарихи мақтанышымыз. Ежелгі қалалар географиялық орналасуы бойынша Қазақстанның оңтүстік аймағында орналасқан. Бұл жерлер туралы тарихи деректерде аз емес. Бұл жерден шыққан ғұламалардан басқа шет елдік тарихшылардың еңбектерінен де байқауға болады. Тарихтың атасы саналған Геродоттың еңбектерінде де осы жерлер туралы жазылған деректер кездеседі[2]. Әлемнің ұстазы- Аристотель болса, әлемнің екінші ұстазы атанған Әл Фараби де осы киелі жерлерден шыққан, сонымен қатар Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұнды айтпай кетпеске болмас.

Түркістанның негізі тарихта қала болып V-VI ғасырларда қаланса, ежелгі тарихын қарастырсақ 1000 жылдықтан ары жатқандығын байқауға болады. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде, ерте тас ғасырындағы бұйымдардың табылуы осыған дәлел. Андронов мәдениетінің тұрғындары кезінде осы жерлерде де тұрғандығын археологиялық қазба жұмыстары дәлелдеп отыр. Ортағасырлық тарихы жөнінде айтар болсақ, Есім хан тұсындағы Қазақ хандығының астанасы болған. Жоғарыда айтып өткендей Ұлы Жібек Жолының Түркістан аймағынан өтуі де қаланың дамуы мен өркендеуіне, ғылым мен мәдениеттің орталығына айналуының бір себебі болып табылады[3]. Бұл аймаққа жаугершілік замандарда Александр Македонскийдің қызыға қарағандығы тарих парақтарынан белгілі. Себебі орта Азиядағы батыс пен шығысты байланыстырып тұрған қақпа іспеттес еді. Одан өте Қазақ хандығы Ресей үкіметінің бодандығына өткен уақытында Түркістан қаласы да қазақ жері мен бірге өтіп кетті. Ресей үкіметінің орыстандыру саясаты Түркістан қаласының тұрғындарына әсер ете алмағандығын қазіргі уақыттан байқауға